

«Freedom Bank-тен Mastercard төлем карталарымен арман матчқа» арнайы ұсынысын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ережелер ұйымдастырушысы «Фридом Банк Қазақстан» акционерлік қоғамы болып табылатын «Freedom Bank-тен Mastercard төлем карталарымен арман матчқа» арнайы ұсынысты (бұдан әрі — «Арнайы ұсыныс») өткізудің шарттары мен тәртібін айқындайды (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы», «Банк», «Freedom Bank»).

1.2. Науқан Банк шығарған банктік төлем карталарын пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдерді ынталандыруға бағытталған.

1.3. Арнайы ұсыныс туралы толық ақпарат банктің ресми сайтында орналастырылады: <https://bankffin.kz>

2. Терминдер мен анықтамалар

2.1. Арнайы ұсыныс - «Freedom Bank-тен Mastercard төлем карталарымен арман матчқа» ынталандыру шарасы.

2.2. Арнайы ұсынысты ұйымдастырушы – «Фридом Банк Қазақстан» акционерлік қоғамы.

2.3. Арнайы ұсыныстың операторы - Mastercard Europe SA тапсырысы бойынша «Progression SA» (Прогрешен Си Эй) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (мекенжай: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғ., 447) (бұдан әрі – «Арнайы ұсыныстың операторы»).

2.4. Арнайы ұсыныстың тапсырыс берушісі - Mastercard Europe SA

2.5. Карта - Банк шығарған банктік төлем картасы.

2.6. Қатысушы - Арнайы ұсынысқа қатысу шарттарына сәйкес келетін жеке тұлға.

2.7. Транзакция - банк картасын пайдалана отырып, тауарларға/қызметтерге ақы төлеу бойынша қолма-қол ақшасыз операция (4.3-тармақта көрсетілген операцияларды қоспағанда).

2.8. ХТЖ - Осы Ережелердің контекстінде Халықаралық Төлем жүйесі.

2.9. Арнайы ұсынысты өткізу кезеңі - 2026 жылғы 1 наурыздан бастап 2026 жылғы 12 сәуірді қоса алғанда.

2.10. Арнайы ұсыныстың жүлде қоры:

2.10.1. Басты жүлде: Будапештке UEFA Champions League 2026 финалына сапар – 1 (бір) жеңімпаз және 1 (бір) еріп жүруші үшін.

- UEFA Champions League 2026 финалына сапар - сапар 1 (бір) жеңімпазға және 1 (бір) еріп жүрушіге есептелген, сапар кезеңі жолды ескергенде, 4 (төрт) күнтізбелік күн.

- Сапарға төмендегілер кіреді:

- Оператормен төленген Венгрияға, Будапешт қаласына дейін және кері бағытта 2 адамға арналған эконом-класпен әуе ұшуы;

- Будапешт қ. орталығындағы 4* қонақ үйінде 3 (үш) күнге және 2 (екі) түнге 2 адамның тұруы;

- UEFA Champions League 2026 финалына сапардың аясында жоспарланған Будапешт қаласындағы трансфер және ілеспе бағдарлама:

- Будапешт қаласында әуежай-қонақ үй-әуежай бағытындағы трансфер,

- Puskás Aréna стадионындағы матчқа және кері бағытта қонақ үйге трансфер.

Бағдарлама шеңберінде қарастырылмаған басқа көлік шығындарын жеңімпаз және оның еріп жүрушісі өз бетімен және өз есебінен ұйымдастырады және төлейді;

- тамақтану:

- таңғы ас келесі күндері беріледі: 2-ші, 3-ші, 4-ші күндер;

- кешкі ас келесі күндері беріледі: 1-ші, 3-ші күндер.

Басқа тамақтануды жеңімпаз және оның еріп жүрушісі өз бетімен және өз есебінен ұйымдастырады және төлейді.

- визалық қолдау;

- матчқа 1-санаттағы билеттер – 2 (екі) билет.

Ұйымдастырушы мен Оператор тілдік тосқауыл болған жағдайда, жеңімпаз және еріп жүруші үшін аудармашыны ұсынбайды.

- Сапар кестесі және бағдарламасы:
 - 1-ші күн: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласынан кету, Венгрия, Будапешт қаласына келу. Будапешт қаласының орталығындағы 4* қонақ үйіне орналасу. MC Hospitality Team-мен кездесу, танысу кешкі асы.
 - 2-ші күн: қонақ үйдегі таңғы ас, еркін уақытты өткізу, финалды көру үшін стадионға трансфер, стадиондағы UEFA Champions League 2026 финалы, стадионнан қонақ үйге қайту үшін трансфер;
 - 3-ші күн: қонақ үйдегі таңғы ас, Будапешт қаласы бойынша гидпен экскурсия, еркін уақытты өткізу, Будапешттегі әйгілі мейрамханадағы қоштасу кешкі асы;
 - 4-ші күн: қонақ үйдегі таңғы ас, қонақ үйден Будапешт әуежайына трансфер, Венгриядан Қазақстан Республикасы, Алматы қаласына кету.
- Сапар қайтаруға және айырбастауға, сатуға жатпайды. Сапарды жақын туыстарына немесе басқа адамдарға беруге болмайды.
- 5.9-тармақты қоспағанда, жеңімпаздың және оның еріп жүрушісінің сапарын ұйымдастыру кезінде Будапешттегі UEFA Champions League 2026 финалына қатысты туындайтын шығындар бойынша міндеттемелерді Mastercard Europe SA тапсырыс бойынша Оператор «Progression SA» (Прогрэшен Си Эй) ЖШС өз мойнына алады.
- ТКЖТС төлеу бойынша міндеттеме Mastercard Europe SA тапсырыс бойынша Оператор «Progression SA» (Прогрэшен Си Эй) ЖШС тарапынан туындайды.
 - 2.10.2. Қосымша жүлделер: Mastercard пен UEFA брендингі бар 8 (сегіз) мерчендайзинг топтамасы. Әр топтама 5 (бес) бірліктен тұрады, атап айтқанда:
 - 1 (бір) спорт сөмкесі,
 - 1 (бір) спорт киімінің заты,
 - 1 (бір) жағажай орамалы,
 - 1 (бір) су тасуға арналған бөтелке,
 - 1 (бір) кілттерге қосатын салпыншағы.
 - 2.11. Бас жүлденің жеңімпазы - арнайы ұсыныстың нәтижелері бойынша UEFA Champions League 2026 финалына сапар алушысы деп танылған қатысушы. Жеңімпаз тек біреуі ғана бола алады және сапар кезінде 18 (он сегіз) жасқа толған 1 (бір) еріп жүрушіні өзімен бірге алып жүруге құқылы.
 - 2.12. Қосымша жүлденің жеңімпазы – Арнайы ұсыныс Mastercard пен UEFA брендингі бар 8 (сегіз) мерчендайзинг топтамасының біреуін алушы деп танылған қатысушы. Бір топтама қосымша жүлденің бір жеңімпазына есебінен 8 (сегіз) жеңімпаз болуы мүмкін. Қосымша жүлденің бір жеңімпазы Mastercard пен UEFA брендингі бар бір мерчендайзинг топтамасын алуға құқылы.
 - 2.13. Дублер - негізгі жеңімпаз бас жүлдеден немесе қосымша жүлдеден бас тартқан жағдайда қосалқы жеңімпаз деп танылған қатысушы. Бас жүлденің негізгі жеңімпазын ауыстыру үшін 3 (үш) дублер анықталады. Қосымша жүлденің жеңімпазын ауыстыру үшін 8 (сегіз) дублер анықталады.
 - 2.14. Еріп жүруші - бірлескен сапарға арналған Арнайы ұсыныстың бас жүлдесінің жеңімпазы ретінде анықталған адам. Жол жүру кезінде еріп жүретін адам 18 жастан асқан болуы керек.
 - 2.15. Транзакция - Mastercard төлем жүйесінің Банк карталарымен кез келген сауда-сервистік кәсіпорындарда тауарларды және/немесе қызметтерді төлеу, Банк клиенті-Mastercard картасын пайдаланушысы өз қаражаты есебінен жасаған қолма-қол ақшасыз төлемдер, оның ішінде «Freedom SuperApp» мобилді қолданбасындағы, Интернет-банкингтегі (e – com транзакциялар) сатып алулар.

3. Арнайы ұсынысқа қатысушылар

3.1. Арнайы ұсынысқа қатыса алады:

- жеке тұлғалар;
- Қазақстан Республикасының азаматтары;
- қатысу кезінде 18 жасқа толғандар;

- Freedom Bank-тің Mastercard картасының ұстаушылары болып табылатын және 01.03.2026ж. бастап 12.04.2026ж. дейін аралығындағы кезең ішінде 50 000 (елу мың) теңге сомасына кемінде 5 (бес) транзакция жасағандар;

- арнайы ұсынысты өткізу күніне банктік шоттарда шектеулер жоқ адамдар (тыйым салу, операцияларды тоқтата тұру және т.б.).

3.2. Арнайы ұсынысқа қатыспайды:

- Қазақстан Республикасының резиденттері емес;

- арнайы ұсыныс өткізу сәтінде 18 жасқа толмаған адамдар;

- арнайы ұсыныс жүргізу кезеңінде өзге ХТЖ (Mastercard емес) карталарымен транзакциялар жасаған Банктің клиенттері;

- 01.03.2026ж. бастап 12.04.2026ж. дейін аралығындағы кезең ішінде 5 (бес) транзакциядан аз және 50 000 (елу мың) теңгеден аз сомаға жасаған клиенттер;

- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ қызметкерлері және олардың жақын туыстары, сондай-ақ Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар;

- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, Freedom Holding Corp. басшылығы;

- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ VIP клиенттері;

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының талабы қолданылатын тұлғалар;

- Мемлекеттік қызметшілер;

- корпоративтік төлем карталарын ұстаушылар.

4. Арнайы ұсынысқа қатысу шарттары

4.1. Арнайы ұсынысқа қатысу үшін келесі шарттарды орындау қажет:

- 01.03.2026ж. бастап 12.04.2026ж. дейін аралығындағы кезең ішінде жалпы сомасы 50 000 (елу мың) теңгеден кем емес сомаға карта бойынша кемінде 5 (бес) транзакция жасау;

- осы Арнайы ұсыныстың ережелерімен Банктің сайтында танысу.

4.2. Транзакциялардың келесі түрлері есепке алынады:

- Freedom Bank-тің Mastercard картасымен жасалған POS-терминалдардағы, QR немесе жанасусыз төлеу (Apple/Google/Garmin/Samsung Pay) төлемдері;

- төменде көрсетілгендерді қоспағанда, Freedom Bank-тің Mastercard картасымен жасалған интернет-төлемдер.

4.3. Акцияға келесі транзакциялар қатыспайды:

- казиноларда, тотализаторларда және басқа да ойын мекемелерінде;

- ұтыс тігу мен бәстерді төлеу бойынша (оның ішінде жүгіру және өзге де жарыстарда);

- лотерея билеттері, облигациялар, жүлделерді ұтыс ойындарына қатысу құқықтары немесе өзге де көтермелеулер;

- сақтандыру компаниялары мен үлеспұлдық қорларының пайдасына («СК «Freedom Finance Insurance» АҚ қоспағанда);

- қаржы ұйымдарымен;

- ломбардтардың пайдасына;

- олар бойынша кейіннен қаражат қайтарылған;

- электрондық әмияндарды толықтыруға байланысты (әлеуметтік желілер сервисі арқылы, «Яндекс.Деньги», WebMoney, Platezh.ru және т. б.);

- қайырымдылық, саяси ұйымдарға, азаматтық қауымдастықтарға мүшелік және басқа да жарналарды төлеу бойынша;

- жол чектерін, акцияларды және өзге де бағалы қағаздар мен бағалы металдарды сатып алу бойынша;

- шетел валютасын сатып алу бойынша;

- интернет-ресурс арқылы телекоммуникациялық қызметтерге ақы төлеу бойынша;

- шоттар арасындағы аударымдар, қолма-қол ақшаны алу және ұқсас операциялар.

5. Жүлдені алу тәртібі:

5.1. Банк бас және қосымша жүлделердің жеңімпаздарын анықтау қорытындылары туралы ақпараты бар SMS-хабарламаны және/немесе PUSH-хабарламаны жіберу және сауалнамада көрсетілген Клиенттердің телефон нөмірлеріне ұтыс ойыны туралы ақпаратты қамтитын және/немесе телефон қоңырауы арқылы банктің бетіне сілтеме жасау арқылы жеңімпаздарды хабардар етеді – жеңімпаздарға қоңырау шалуды банктің байланыс орталығының қызметкерлері Арнайы ұсыныстың жеңімпаздарын анықтау бойынша тікелей эфир өткізілген сәттен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде жүзеге асырады.

5.2. Бас және қосымша жүлдені алу үшін жеңімпаздың міндеттері:

- 7 (жеті) күнтізбелік күн кезеңінде келісімге қол қою үшін Банкке келу;
- жеке куәліктің көшірмесін ұсыну;
- Банк көрсеткен өзге де шарттарды сақтау.

5.3. Сол немесе басқа жеңімпазбен күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде байланысу мүмкін болмаған жағдайда, жүлде басқа қатысушы-дублерге берілуі мүмкін.

5.4. Бас және қосымша жүлделердің жеңімпаздарында жүлдені өзінің жақын туыстарына және басқа адамдарға беруге құқығы жоқ.

5.5. Бас жүлденің жеңімпазында қаржылық пайда алу мақсатында сапарды үшінші тұлғаларға айырбастауға және беруге құқығы жоқ.

5.6. Егер құжаттарды жинау кезінде бас жүлденің жеңімпазына виза беруден бас тартылған жағдайда, жүлде (Будапештке UEFA Champions League 2026 финалына сапар) автоматты түрде бірінші дублерге ауысады, ол да тікелей эфирде анықталады. Бірінші дублерді алу мүмкін болмаған кезде Банк ұтысты екінші дублерге беру құқығын өзіне қалдырады.

5.7. Виза алу үшін құжаттарды беру Венгрияның (VFS Global виза орталығы арқылы) Алматы немесе Астана қалаларындағы визалық орталықтарында жүзеге асырылады. Жеңімпаздың және оның еріп жүрушісінің жеке қатысуы міндетті болып табылады.

5.8. Сапардың барлық қатысушылары (бас жүлденің жеңімпазы мен еріп жүруші) Будапештке бір нүктеден — Алматы қаласынан жіберіледі.

5.9. Будапештке UEFA Champions League 2026 финалына сапарға тікелей кірмейтін шығындар жеңімпаз тарабынан жабылады. Оның ішінде:

- визаға құжаттарды тапсыру кезінде жол жүру және/немесе тұру (Астана қ. немесе Алматы қ.);
- сапарға бару орнына дейін жол жүру және кеткенге дейін тұру (Алматы қ.).

Арнайы ұсыныстың жеңімпаздарын анықтау бойынша тікелей эфир күні	Транзакция кезеңі	Жеңімпаздар саны	Будапештке UEFA Champions League 2026 финалына сапарға баратын адамдар саны
17.04.2026	01.03.2026ж.- 12.04.2026ж.	Бас жүлде - Будапештке UEFA Champions League 2026 финалына сапар: 1 (бір) жеңімпаз; 3 (үш) дублер.	Банк анықтаған 1 (бір) жеңімпаз, және жеңімпаз анықтаған 1 (бір) еріп жүруші.
		Қосымша жүлде – Mastercard пен UEFA брендингі бар 8 (сегіз) мерчендайзинг топтамасы;	

		8 (сегіз) дублер.	
--	--	-------------------	--

6. Басқа ережелер

- 6.1. Ұйымдастырушы Банктің ресми сайтында хабарландырулар жариялай отырып, осы арнайы ұсыныстың ережелеріне өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.
- 6.2. Арнайы ұсынысқа қатысу осы Ережелермен толық келісуді білдіреді.
- 6.3. Арнайы ұсынысты өткізуге байланысты барлық даулар мен мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
- 6.4. Банк кез келген уақытта осы арнайы ұсыныстың күшін жоюға не еңсерілмейтін күш мән жайлары туындаған жағдайда шарттарды біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

7. Жеңімпазды анықтау тәртібі

- 7.1. Арнайы ұсыныстың қорытындылары бойынша Бас және қосымша жүлделердің жеңімпаздарын анықтау үшін Банк арнайы ұсыныстың шарттарына сәйкес келетін және осы құжаттың 3-бөлімінде көрсетілген барлық қатысушылардың тізімін қалыптастырады. Бас және қосымша жүлделердің жеңімпаздар Банкпен 2026 жылғы «17» сәуірден кешіктірмей мерзім ішінде жеңімпазды кездейсоқ (кездейсоқ) анықтау арқылы кездейсоқ іріктеу жолымен анықталады. Тікелей эфир әлеуметтік желілерде, сондай-ақ Банктің Интернет желісіндегі ресурстарында көрсетілуі мүмкін.
- 7.2. Клиент бірнеше карта бойынша транзакцияларды жүргізген кезде ол арнайы ұсынысқа қатысу үшін бір Клиент ретінде анықталады.
- 7.3. Жеңімпаздарды таңдаудың ашықтығын бақылау үшін банк өкілдерінің ішінен 3 (үш) адамнан тұратын комиссия құрылады. Комиссия мүшелерінің функцияларына төмендегілер жатады:
 - жеңімпазды анықтаудың адалдығы мен ашықтығын бақылау;
 - жеңімпаздар тізімін растау (бас жүлде: 1 жеңімпаз және 3 дублер, қосымша жүлде: 8 жеңімпаз және 8 дублер).
- 7.4. Жеңімпаздар әр қатысушыға берілетін бірегей идентификатор (реттік нөмір) бойынша кездейсоқ сандар генераторының көмегімен комиссияның қатысуымен анықталады. Негізгі жеңімпазды анықтау қатар бірге 3 (үш) дублер де анықталады, олар негізгі жеңімпаз анықталған тәсілмен анықталады. Қосымша жүлденің жеңімпаздары тұра солай анықталады: қосымша жүлденің 8 (сегіз) негізгі жеңімпазымен қатар 8 (сегіз) дублер анықталады. Дублерлер тізімі, егер негізгі жеңімпаз одан әрі қатысудан бас тартса немесе Ұйымдастырушы негізгі жеңімпазға белгіленген мерзімде – 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде байланысқа шыға алмаса анықталады. Бұл жағдайда негізгі жеңімпазды Банк дублерлердің тиісті тізімінен дублерге ауыстырады.
- 7.5. Бас және қосымша жүлделердің жеңімпаздарын айқындау қорытындылары Ұйымдастырушы қалыптастыратын және Банктің уәкілетті өкілі бұрыштама қоятын хаттамамен ресімделеді.
- 7.6. Арнайы ұсыныстың қорытындылары Банктің ресурстарында (www.bankffin.kz және / немесе банктің әлеуметтік желілерінде) жарияланады.
- 7.7. Бас және қосымша жүлделердің жеңімпаздарын анықтау нәтижелері түпкілікті болып табылады және ешқандай жағдайда қайта қарауға жатпайды.
- 7.8. Арнайы ұсыныстың жеңімпаздары қатысу шарттарына сәйкестігін қосымша тексеруге жатады, оның ішінде:
 - белсенді Mastercard картасының болуы;
 - банктік шоттарға шектеулер мен қамауға алудың болмауы;
 - осы Ережелердің 3-тармағында көрсетілген шарттардың сақталуы.
- 7.9. Сол немесе басқа Жеңімпаздың Науқан шарттарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, жүлде тікелей эфирде жеңімпазды анықтау барысында сол тәсілмен таңдалған келесі резервтік қатысушы - Дублерге ауысады.
- 7.10. Жүлдені ала отырып, Жеңімпаз жүлдені табыстауға байланысты фото - және бейнематериалдарды пайдалану мерзімі мен аумағы шектеусіз Банктің кез келген жарнамалық және ақпараттық материалдарында жариялауға автоматты түрде келісім береді.



7.11. Бас жүлдені (Будапештке UEFA Champions League 2026 финалына сапар) жеңіп алған жеңімпаз әлеуметтік желілерде Freedom Bank-ті белгілеумен сапардан кемінде 10 (он) фотосурет және/немесе 3 (үш) бейне ұсынуға және Бастапқы материалдарды Ұйымдастырушыға тиісті өңдеу үшін және банктің әлеуметтік желілерінде одан әрі орналастыру үшін жіберуге міндеттенеді.

"Фридом Банк Қазақстан" АҚ
карталары бойынша Арнайы ұсынысқа қатысу шарттарына
1-қосымша

**Банк құпиясын, дербес деректерді ашуға және ақпаратты
БАҚ-та орналастыруға келісім-өтініш (нысан)**

"Фридом Банк Қазақстан" АҚ

Осы арқылы мен, _____, банк клиенттері арасындағы "Фридом Банк Қазақстан" АҚ (бұдан әрі – Банк) қолданыстағы арнайы ұсынысына байланысты, "Фридом Банк Қазақстан" АҚ карталары бойынша (оның ішінде, бірақ бұқаралық ақпарат құралдарында шектелмей) Арнайы ұсынысты ақпараттық және жарнамалық жариялау мақсатында банктің менің банктің клиенті екенім, «Freedom Bank-тен Mastercard төлем карталарымен арман матчқа» арнайы ұсынысына қатысқаным және жеңімпаз болғаным туралы мәліметтерді, сондай-ақ менің өзге де дербес деректерімді таратуға өзімнің сөзсіз және қайтарымсыз келісімімді беремін.

_____ (_____)

қолы, тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, ЖСН

20__ жылы "____" _____

**Суретті жариялауға және пайдалануға
КЕЛІСІМ (үлгі)**

Алматы қ. 202__ жылғы «__» _____

Мен, _____
(аты, әкесінің аты, тегі)

ЖСН _____

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 145-бабына сәйкес «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-қа, БСН 740 019 001, **маған сыйақыны төлеусіз**, өзімнің жеке бейнемді (оның ішінде әлеуметтік желілердің аватарларын), сондай-ақ «Freedom Bank-тен Mastercard төлем карталарымен арман матчқа» арнайы ұсынысына қатысудың шеңберінде келесі мақсаттарда жасалған және/немесе жасалатын сауалнамалардың, сұхбаттардың және өзге де материалдардың нәтижелерін жариялауға (оның ішінде жариялау, көпшілікке көрсету не Интернет желісіне орналастыруды қоса алғанда, кез келген басқа тәсілмен) және одан әрі пайдалануға келісімімді білдіремін:

- «Freedom Bank-тен Mastercard төлем карталарымен арман матчқа» арнайы ұсыныстың барысы, нәтижелері және жаңалықтары туралы баяндау ақпарат беру;

- «Freedom Bank-тен Mastercard төлем карталарымен арман матчқа» арнайы ұсынысының барысы және қатысу қорытындылары туралы бейнематериалдарды дайындау.

Осы келісім менімен «Freedom Bank-тен Mastercard төлем карталарымен арман матчқа» арнайы ұсынысын өткізу аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл мерзіммен берілді.

Мен өз Суреттерімді кез келген түрінде кейіннен пайдалануды «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-та қандай болса да қарсы міндеттемелердің, оның ішінде пайдалану туралы есептерді ұсыну бойынша міндеттемелердің немесе қандай болса да сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелердің пайда болуына әкеп соқпайтынымен келісемін.

Суреттер менің арыма және іскерлік беделіме нұқсан келтіретін әдістерде пайдаланылмауы тиіс.

_____ (_____)

колы, тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, ЖСН

20__ жылғы "___" _____



"Фридом Банк Қазақстан" АҚ
карталары бойынша Арнайы ұсынысқа қатысу шарттарына
3-қосымша

Өтініш-бас тарту (үлгі)

"Фридом Банк Қазақстан" АҚ

_____ ханымнан (-мырзадан)

ӨТІНІШ

Мен, _____, "Фридом Банк Қазақстан" АҚ өткізген "Фридом Банк Қазақстан" АҚ карталары бойынша «Freedom Bank-тен Mastercard төлем карталарымен арман матчқа» арнайы ұсынысының шеңберінде жеңімпаз болып табылатын, осымен мен Будапештке UEFA Champions League 2026 финалына сапарға барудан бас тартқанымды растаймын. Ұйымдастырушыға - "Фридом Банк Қазақстан" АҚ-ға ешқандай шағымым жоқ.

_____ (_____)

қолы, тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, ЖСН

20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____